


# ЖАЛЫН

Республикалық әдеби-көркем және әлеуметтік журнал



## 8-наурыз

Кыз-келіншектер  
шығармашылығынан

## Поэзия

Ұ.Далейұлы

Шыл озенний Қамысын  
шерее маңаңы...

## Тарих және біз

Ж.Мұхамеджанов

Ассимиляцияға шудай,  
Улымын, шілін  
жоғалықтан шұлғалар  
мен үриақтар

## Күннегінде

Ж.Айдар

Б.Әбіш

Тұңғылай

## Қаламгер дідары

Ои тегеуіріні өзгеше

Молдахмет Қанаевдың  
шығармашылығы хакында

№3 2012

# ОЙ ТЕГЕУРІНІ ӨЗГЕШЕ

Жалпы, әрбір қалам иесінің үлкен әдебиетке келуі, танылуы, қалыптасуында ерекше бір жағдайлар болатыны анық. Осындай ерекше сәттің бірі – өткен ғасырдың жетпісінші жылдарының басында Казақстан Комсомолы мен Республика Жазушылар Одағы ұйымдастырган талантты жастарды табу мақсатындағы жабық конкурсы еді. Бұл жабық бәйге – жазудан үмітті талай жанның бағын ашты. Оған кен байтақ республикамыздың шартарабында еңбек етіп жүрген белгісіз авторлар да, Астана мен облыс орталықтарында қалам тартып баспасөзге араласып жүрген қаламгерлер де бағын сынап көрді. Осы жабық бәйге болмағанда, кім біледі, біздің бүгінгі әңгімелегелі отырған кейіпкеріміздің тағдыры қалай қалыптасарын...

Іә, осы бірінші бәйгенің өзінде кептаған қаламгердің арасынан бұза-жара, дара шығып, алғашқы үштіктің қатарында тұрды. Ал ол болса алыс ауданда еңбек етіп жүрген әлі ешкімге белгісіз қатардағы партия қызыметкерлерінің бірі еді. Жазуға деген құштарлық, сөз қасиетін сезінуі және сол бағытта өз бетінше көп ізденуі, табиғи бейім, ерекше қабілет ә дегендеге-ақ қалың өкірманың баурап алып, оның есімін жалпақ жүртқа бірден паш етті.

Аты да тосындау, жазылуы да тосындау бұл шығарма екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы казақ ауылындағы кішкентай балалардың тыныс, тірлігі жайлы баян. «Чика – Дабылдың баласы» ұзын сонар баяндау да, кісін мезі ететін жаттанды сурет пен іс-кимылдар әрекетінен ада. Тіпті кейбір тараулары екі үш сөйлеммен аяқталып отырады. Бірақ өкірманың жалықтырмайды, өзіне тартып ерекше қызықтырады. Автордың не айтқысы келгенін сезіп отырасыз. Ауыл мен шағын темір жол бекетін мекен-деген балалардың өмірі, іс-әрекеті бейне бір кинолентадай көз алдыңнан етіп жатады. Сыншы ғалымның: «Соғыспен тұстас келген балалықтың мұңы көп. Сол мұнның өзін нұрға бөлеп жазған жазушы, тегінде, балаларды жанымен сүйетін, аса жаксы білетін жазушы. Қаназовтың балалар жайлы бала болып ойнап, бала болып ойлап, үлкен экелік жүрекпен жазатын азғана таланттардың бірі екенін айтпау – киянат» (К.Мәдібаева) деп жазуында көп мән жатыр.

Майдангер Дабылдың әйелі Тәнзила ауылға келіп үлестірілген балалардың ішінен Чика атты неміс баласын бауырына басады. Чиканың неміс баласы екенін білген ауыл балалары, әдепкіде оған осқырына қарап, күн көрсетпейді. Әсіресе, Жұмажан бейнесі өзінің қызығылтығымен есте қалады. Тен-



**Молдахмет ҚАНАЗ**

тек, шакар баланың жүрегінде неміс атаулыға деген ашу-ыза, кек қатып қалған. Түсі бөлек Чикаға көп ұрынатын да сол. Бірақ баланың аты бала ғой, кейін достасып, бауыр басып кетеді. Жазушы Чиканың жана ортаға кіруін, әрі табиғи, әрі нағымды жеткізе білген. Повесте әр бала тілі анық көрінеді. Іштей микротарауларға бөлініп, қыска метражды фильм көргендегі көріністер, оқиғалар, әрекеттер тез-тез өзгеріп, жас өкірманың жалықтырмайды.

Шығармада Чика төнірегіндегі оқиғалар Жұмажан образымен катар көрініп отырады. Жұмажан бесінші класта қалып қойғандықтан оны қайта жалғастырады. Сабак үлгерімі нашар. Мәселен, география сабағындағы жауабына назар аударалық:

«...Вулкандар дегеніміз білк таудың басынан...ын. ...ын ..таудың басынан түтін шығады... пештін түтін сиякты бұрк-бұрк етеді. Сосын ішінен осындай қып-қызыл тастар аспанға секіріп-секіріп кетеді... Әуелеп барып жерге түседі, сосын ыстық тастар таудын басынан төмен домалайды... Ол біздің кораға келеді... Сосын біздің қамыс кора ертенеді. Ертегісін байлап койған ешкілер, лактар бакырады... бакырады, – деп ентігіп басылады. – Вулкандар осындай болады...»



Жұмажанның жауабына балалардың ішек-сілесі қатып күледі.

Шебер жазушы шығармаға әр беру үшін күлкілі жайттарды әдейі кіргізіп отырған. Күлкімен әшкерелеудің тиімділігі хақында ұлы сыйқашы М.Е. Салтыков-Шедрин: «Это оружие очень сильное, ибо ничто так не обескураживает порока как сознание, что он угоден и что по поводу его уже раздался смех» – деген. Мұның өзі Жұмажан бейнесі төңірегінде өрбіген жайлардан-ақ анық көзімізді жеткізеді. Тұйыққа тірелген лажсыздық оны күлкілі әрекеттерге соқтырады. Жұмажанның сөздеріне, кертастпа қымылдарына күлмей, жайбарақат отыра алмаймыз.

Жазушы өз окушысын күлдіргенмен, бұл ісі пысық, тәрбиесі төмен баланың әрекеті екенін кекете, мұқата құлулар арқылы көздерін жеткізуге тырысады. Оның істерінің астарында қызығаныш, құлықжатады. Аңғалдық мұлдем жоқ, бостық, аярлық сезімдері де жоктың қасы. Автор кейіпкерлерінің портреттерін іс-әрекетіне сай шебер жасай білген. Бұл ауыр кезеңді қазіргі балалар оқығанда киналмайтындей етіп, қызықты да, әсерлі жазу қаламгерден көп шеберлікті талап етегіні өзінен-өзі түсінікті. Осы биік талап үдесінен шыға алған жазушының «Чика – Дабылдың баласы» атты повесі қазак балалар прозасының кезеңді биіктірінің бірі.

Алайда, осы бір сәтті табылған әдеби құбыльсты эпигондар жамырай қайталап, тұяқкешті ете жаздағаны бар. Автор осы табысын тиянактау мақсатында тұра осы стильмен повестер циклін дүниеге келтірді. Олардың қатарына жүртшылық жылы қабылдаған «Ақ тайлағым-ай», «Арғы ауыл мен бергі ауылдың балалары», «Қияндағы күн нұры» повестері жатады. Бұл шығармалар жедекабыл орыс, грузин тағы басқа тілдерге аударылып Одақ оқырманына тарап үлгереді. Грузияда шығатын халықаралық «Саундже» журналының 1989 жылғы сандарында үзбей жарияланды. Өздерін де осы тақылеттес шығармалардың

барлығы, тіпті Лениндік сыйлықтың лауреаты Нодар Думбадзенің шығармаларымен («Мен, әжем, Илико және Илларио» сияқты повесі) сусындаған грузин жүртшылығының М.Қаназ повестеріне ерекше қызығушылық тантып өз журналдарында жариялатуы да жайдан жай емес.

Молдахмет Қаназ көпіртіп көп жазатындардың санатынан емес. Әбден санада сарғайтып барып жүректен өткізіп алмай жазу столына отырған емес. Қазіргі журналистика мен таза әдеби шығарманы айыру қынға айналған заманда айтқаны мен жазғаны бірден жүрекке жататын дүниелер тудыруы – жазушы стилінің даралығын көрсетеді.

Жазушының стильтік дүниетанымында байқалған тағы бір ерекшелік оның прозасындағы ирониялық бояудың молдығы. Шығармаларындағы иронияның қолданылуы әр түрлі. Біреуінде жазушы иронияны өз қаһармандарында пайдаланса, біреуінде қаһарман өзін коршаған ортаға, болмаса жазушы өтіп жатқан оқиғага ирониялық көзқарасын білдіріп отырады.

М.Қаназ ирониясының мақсаты тек өмірді философиялық тұрғыдан сыйнау емес, өзге толыққанды мәні мен сәні бар өмір үшін бұл өмірді жокқа шығару болатын. «Қызыл дамбал» авторы ұлы Отан соғысы алдындағы зұлмат кезеңнің сүркай өмірін, сан килем күбілістарын суреттеу арқылы әлеуметтік әділетсіздікті, ал адам соның құрбаны екенін айқындаған, айналаның бірегей бейнесін жасаған.

Әңгіме сюжеті қарапайым. Қазан төңкөрісінің жиырма жылдығы қарсанында ауылдық кенсөнің мандаійна ұран жазылып, қызыл жалау ілінбеген. Әлдекімнің хабарлауымен қауіпсіздік басқармасының екі қызметкери келіп тексеруді бастайды. Әңгіменің басты кейіпкери – «Қызыл балықшы» колхозының басқарма мүшесі, төтенше тапсырмалар жөніндегі разноработшы – Дүрәлі Егенсартов оқиғаның как ортасында. «Сәл-пәл белсенділігі» болмаса, аузын ашса жүргегі көрінетін,

## ЖАРҚЫРАЙ БЕР, АСЫЛ АҒА, АЛТЫНДАЙ (Молдахмет ҚАНАЗҒА)

Қаламынды таң нұрына малдың да,  
Жүргіме жол бермедин қалғуға.  
Жалтармадың,  
Жалған сөйлеп көрмедин,  
Ақ жайнамаз – ақ парактың алдында.

Күннің нұры – қаламыңың сиясы,  
Шыққан тегің – Хас батырдың ұясы.  
Көрінгенді иығына кондырмас,  
Ұшқан көгің – мұзарт шыңың қиясы!

Қайта оянды нұрлы сияң арқылы,  
Хас батырдың қылышының жарқылы.  
Сол қылышты Айға апарып ілсем деп,  
Жаратқанға жалбарынам әр күні.

Қаламынан сөз акпады, нұр акты,  
Ер Жәкеннің екпініндегі қуатты.  
Сіміреді сусап қалған жүрегім,  
Сол қаламнан тамшылаған шуақты.

Үндес едің Сырдың сұлу үнімен,  
Тілдесесін жүректердің мұнымен.  
Шындық ағып жатады ылғи,  
Сен жазған

Толқын-толқын сөйлемдердің түбінен.

Жалғандыққа кетпесін деп еті өліп,  
Ел! – деп айтқан сөздерінен от өріп, –  
Қияннан корғап жүрсің тарихты,  
Ақиқаттың аппақ туын көтеріп!

Жігер-күшің Сыр сүйндей сарқылмай,  
Жарқылдай бер, Асыл аға, алтындей.  
Сексенінде Жанғожадай атой сап,  
Тоқсаныңда қайта жасар Жамбылдай!

*Мақсат ӘЛСЕЙТОВ*

жазылып, қызыл жалау ілінбеген. Әлдекімнің хабарлауымен қауіпсіздік басқармасының екі қызметкери келіп тексеруді бастайды. Әңгіменің басты кейіпкери – «Қызыл балықшы» колхозының басқарма мүшесі, төтенше тапсырмалар жөніндегі разноработшы – Дүрәлі Егенсартов оқиғаның как ортасында. «Сәл-пәл белсенділігі» болмаса, аузын ашса жүргегі көрінетін,



ақкөніл де тындырымды жан. Әңгіменің өн бойынан ашы күлкі лебі еседі де тұрады. Күлкі тексеруге келген «сәбеттік шекіске» де, «разноработш» Дүрәліге де, оның әйелі Шынайқызы да, Ізет пен Ертұрғанға да ортақ. Олардың әрбір сөзі, іс-әрекеті күлкі шақырып отырады. Мәселен, «шекіс» Саурық Құлкеніштің», разноработш Дүрәлі Егенсартовтан жауап алу сәтін қаранды.

«...Жазып-жазып отырды да тағы бір сұрап тастады:

— Колхозда кейінгі кезде қызыл дамбал киген адам бар ма?

Сол кезде басын көтеріп, бұған шапыраш көздерін атыстыра-шабыстыра мұртының бір шалғысы көк, екінші шалғысы жер тіреп, тіл-тік қадалғаны. «Ойбау-ау, мына итің... бәрін біліп отыр ғой». Иштей сыйбаганын естіп қалмады ма екен деп қыпымдал тақоядь.

— Бар!

— Ол кім?

— Ол басқарманың хатшысы, біздің бұрынғы келін, інімді ат теуіп өлтірген соң қаладағы тиғен байы халық жауы болған Дәржан.

— Пәмилесі?

— Пәмилесі Жамаладеноба. Қаражалдағы ауыл совет Ертуғанның бөлесі, мына Қосаралдағы кекіреуік Жамаладенің ортанышы қызы...

— Әлгі киімді өз көзіңмен көрдін бе?

Дүрәлі ыршып түсті.

— Жо... о... қ, қудай сақтасын... Келіннің іш киімі ғой. Оны қалай көресін.

— Көрмеген екенсің, ол азamatшаның жана дамбал кигенін, ол дамбалдың қызыл екенін сен қайдан білдін?

«Ойбай-ау, тағы сондайы бар ма еді?»

— Аял айтып отырған. Бұлар бірін-бірі біледі.

— Шантаж емес пе?

— Жоқ, шантаж дамбал емес. Қызыл дамбал.

— Пәмилесі кім дедін?

— Өз пәмилесі ғой... Жа... мала... деноба...

Немесе,

«...Түнде өзіңіз түні бойы тексердіңіз. Дәржанның үйінде жауап алғанда жаңа дамбалын көрген жоқсыз ба? Оның үстіне ол қызыл дамбал болса... Көрдіңіз, әрине... Сол матаны түгел ту қылып тіккенде бұл тігіліп-ак тұратын ту... Дәржан Жамаладеноба халық жауы ма, сөзсіз халық жауы. Бір бұтының мұддесін бүкіл колхозшылардың мұддесінен жоғары қойса, жау болмағанда қайтеді енді, халқым-ау?»

— Хуатит, — деді өкіл!

Қызыл империяның әсіре саясаты, оны орындаушы шала сауатты белсенділердің іс-әрекеті күлкі поэтикасының негізін құрайды. Бұл әңгімede терен саяси-әлеуметтік мән бар. Былай қарағанда жеңіл, динамикалы дамып, қызығылдықты оқылғанымен әңгіменің көтеріп тұрған жүгі ауыр.

Әрі формасы табылып, сәтті жазылған. Қенес дәүірінде жазылған шығармалардың көшілігі сол кезеңнің идеологиясының ықпалынан шыға алмай, шындықтың шырқау бүйгіне жете алмағанын білеміз. Осы орайда белгілі қаламгер Қ.Мұқанбетқалиевтің бұл шығарма туралы:

«Бірақ дәүір шындығын, заман катыгездігін осынша реалистік қуатпен, осыншалық тірі характерлер арқылы айқын көрсеткен туынды біздің әдебиетімізде де бұрынғы кеңестік әдебиетте де сирек-ақ десек, еш артық айтқандық емес» деуі шындық.

Десе дегендей, жазушының «Жебір» әңгімесі де «Қызыл дамбалмен» сабактас жазылған. Біріншісінде – отызыншы жылдардың аяғындағы ел жағдайы: солакай саясат, оясыз атқа мінер белсенділердің одагай әрекеттері қатаң сынға алынса, екіншісінде – жетпісінші, сексенінші жылдардағы қоғамдық-әлеуметтік жағдайлар кемшілігі басқа кезеңнің адамдары бойынан табылады. Жағымсыз кейіпкерлердің сырт тұлғалары, киім киісі, іс-әрекеттері мен атқаратын жұмыстарында өзгешелік болғанымен ішкі сезімдерінде айырма жоқ деуге болады.

Әңгімеде басты екі кейіпкер, біреуі – еңбекшілер депутаттары аудандық кеңесі атқару комитеті төрағасының бірінші орынбасары Жанғабылов Рахым Тенелович. Екінші – аутпарткомның үгіт және насихат бөлімінің нұсқаушысы – Шуленбайұлы Сламбек. Осы екі кейіпкер аудан басшысының аранайы тапсырмасымен қырға он төрт отар қойды көшірісуге малшы қауымға көмекке машиналар көшін бастап аттанады. Бастапқы кезде Рахым Тенеліш іс-кимылданан өзіне де, өзгеге де тыным бермей шапқылап жүрген, қоғам мүлкін қорғаған қатал да тиянақты адам болып көрінеді. Ал Сламбек оның әр ісіне сын көзімен қарап отырады. Рахым Тенеліш келе ферма адамдарын аяғынан тік тұрғызып, іске кіріспін кетеді, тіпті дайындал қойған асқа да қарамай малды қырға көшіру науқанын бастап жібереді. Оның ішкі сырты тек ауданға өтірік акпар беру кезіндегі рациядағы хабарламасынан ашыла түседі. Соңан соңғы оқиғалардың өзі-ақ аудан өкілінің кім екенін дәлелдейді. Аудан өкілі қоғам малы деп журіп отардағы өз малының камымен келуі, халықтың ауыр жағдайына бас ауыртпай-ақ, өз малдарын ірілеп ауыстыруы, ауданың бірінші басшысына деп ауылдық кеңес төрағасын қорқытып, үркітп құркетауық алуды – оның алайақ, екіжүзді жан екендігін байқатады.

Осылайша өз құлқынының камы үшін небір іс-әрекеттен тайынбайды. Рациямен аудан басшысына өтірік акпар бергенде де беті шімірікпейді.

Ал оған қарама-қарсы алынған Сламбек болса, мінезі үян, ойшыл, киялы ғарышта, көкірек сезімі таза жас. Бірге жүрген аз ғана уақыт ішінде аудан басшыларының бірінің іс-әрекетін көріп жиіркеніш сезімі бойын биледі. Іссапар кезінде бас өкілмен арасы шешілмес шиеленіске айнала бастайды. Осы



шиеленіс ақыры ширай-ширай келе өзегі пісіп жетілген шикандай тарс жарылады.

«... Рахым:

— Шүйінші, Шүленбаев жолдас! Шүйінші деймін, нұсқаушы жолдас!

Леонид Ильич жолдас наградталды! Жаңа ғана хабарлады!

— Жүрек жарылатын несі бар? Қолында тұрған нәрсени кім алмайды!

— Эй, абылап сейле, райком жолдас. Леонид Ильич сенің жезден емес.

— Солай болмай тұрғанын көрмейсің бе қырыққанда. Әйтпесе жездем болса, үлкейген адамсың, көп темір ауырлық етер. Осыны азайтсаныш деген болар едім, — деді Сламбек.

— Мынауың не дейді, ай? Өзің мулде саяси сауаттың адам екенсің ғой...»

Сонан соң, әрине, «саяси сауатты» Рахым бірінші хатшыға айтып «саяси соқыр», «кертартпа» мінезді Сламбекті «жауапты қызметінен» босаттырады. Жайбарақат басталған әңгіме осылайша шиеленіспөндө барып аяқталады. Әңгімеде тоқырау кезеңі, тоғышарлық психология сұлбасы анық көрінеді. Жалған ақпарат беру, қосып жазушылық, жәдігөй патриотизм сыры ирониямен беріліп, уытты тілмен жазылған. Сатираның сынға толы, ызғарлы суық желі, тіпті, «қофамды алға бастаушы», халық мұддесін көздеген «көсемнің» орден-медальға толы өңірін де ұрып өтеді.

М.Қаназ әңгімелерінде «социалды құрылыш» пен тоқырау кезеңін шындығы осылай ашылады. Оған осы оқиғадағы заман емес, қатысушы кейіпкерлер де емес, сол заманда осылай қолдан істеген, осы кейіпкерлердің пешенесіне осындай тіршілік, өмір сыйлаған қоғам кінәлі еді. Ал автор осы оқиғаның ашы шындығын, ауырпалығы мол ақиқатын ашуши ғана. Халық тақырыбын ашу жөнінде жазушы осылайша иронияның мол мүмкіндіктерін шебер пайдалана алған.

Жазушы М.Қаназдың кейіпкерлері негізінен қарапайым адамдар, бір қарамаққа көптің бірі, әдеби терминге жүгінсек, — «кішкене адамдар». Жазушының ара тұра жақсылық пен жамандықты беттестіре отырып ой түюге де ұмтылысы бар. Мұндай сәтте көбінесе сатиralық бояуларды қолданады. Біз бұны жазушының «Үрей», «Өлерменнің көршісі» әңгімелерінен байқаймыз. Бірінші әңгімеде қазір көп айтылып жүрген — протекция, тамыр-таныстықты келеке етеді. Аудандық оку белімінің менгерушісі Әбдіқали аутпарткомның бүрінші хатшысымен жақсы таныстықты малданып, ауданның қалған басшыларын жүре тындауды. Тапсырмаларына жете мән бермейді. Мәнгі солай болар деп ойлайтын... Басшының аяқасты ауысуымен Әбдіқалидың мойына су құйылды. Бойын белгісіз бір үрей билеп алды. Әсіресе, әділ, бетке айттар ауатком төрағасынан қатты

корқады. Жазушы осы арада Әбдіқали бойындағы міnez кемшілігін құлкі етеді.

Ол әсіресе тұмаудан қатты қорқады. Қарауында инспектор болып істейтін Балқара деген жігітпен жұмыс барысындағы аракатынасын қараңыз: «Балқараны өзіне жақыннатпай, бұрышта қашқақтап тұрып сұрады.

— Ауырып жүрсің бе? Немене?

— Ой бір тұма тиіп... Маза болмай жүргені. Отчоттың уакыты болған соң, дәрігерге де бара алмай...

— Қайт, үйге бар, жат. Дәрігерге бар. Ойбай-ау, өзіңмен болмай, бүкіл аппаратты күртасың ғой. Бәріміз де қырқай құлап қалармыз. Оны ойламағаның ба? Тез қайт. Үйге барып, оранып жат.

— Қарармын. Өзім қараймын. Тез қайт.

— Мынау столдың кілті еді. Керек болып қалса... — деп жақындағы түспекші. Ана бөлмені нұскады.

— Қызыға бер. Сол жаққа алып бар.

Балқара шығу бойына терезенің жедеткішін ашты, қалтасынан сыйтырлақ қағазға ораулы сарымсағын алып, екі қолына жақты. Жаңағы анықтаманы кейін қарамаққа сыйғыштың ұшымен итергілеп алып келіп, сұрымаға тастан жіберді. «Жас жігіттер бар-ау өзін-өзі құтпейді. Құлағанша жүре ме енді, қайтеді. Біреуге жұқтырармын деп те ойламайды. Бұларға соншама не болғаны».

Әңгіменің енді бір жерінде іссапарға бірге шыққан аудандық газеттің тілшісінің тұмаурағанын сылтау етіп, одан құтыла алмай іштей арпалысқа түсіп, әңкі-тәңкісі шығады. Ақыры есебін тауып, пішеншілер қосының басына қалдырып, қашып кетеді. Мансапқұмар, мазасыз жан Әбдіқали — тоқырау кезеңінің тулемі. Автор оның бар болмысын құрдасы Айымбеттің аузына салады: «... Өзім де ондай мәселе мен ойнамаймын. Маған кім болғанда бәрібір. Аудандың айналдырған екі-үш басшысын алалап сыйлайтын жүртті өзіндей көресің бе? Біреудің қолтығына құмар қасиетің енді зиянға шыққалы тұр. Бұрын пайдасын көрсөң, енді залалын тартасың. Енді бар ғой, мықтап тартасың...» Әңгіменің негізгі тіні — басты кейіпкердің кірпияз кіді мінезінен, орынсыз қорғаншактығынан көрінеді.

Жазушының екінші бір «Өлерменнің көршісі» әңгімесінде бұл мәселе лерге басқа қырынан келген. Әрі көрші, әрі бойдак екі жігіттің түрмис-тіршілігін салыстыра отырып, көршісі Олжабайдың пысықтығына, ұсынақтылығына таң қаласың. Ілк қарағанда тіпті айыптағың да келмес, бірақ екінші рет ой көзімен, автор мендеуімен қарар болсақ жандүниң астан-кестені шығып, жүдеп-ақ қаласын.

Басты кейіпкер Олжабайдың дүниеконъиздығы, жұмыртқадан жұн қырыққан сарапынан, пайдакунемдігі өте шебірлікпен қалам қырына іліккен. Осы орайда профессор Т.Қожакеевтің «Біздіңше, дүниекүмарлық дегенің — дүние-мұлік, кім-кешек, әдемі заттар жо-



лында ата-ана, іні-бауыр, апа-қарындас, жора-жолдас, достық, махаббат, рухани жан дүние – бәрін мансұқ ету. Яғни венцизм – кісі қадірін білмеу, адамнан дүние құнын артық көру» – деген пікірінде шындық бар.

Жазушы шығармашылығында қазақ әйелінің бейнесі, ене мен келін арасының қатынасы, мейірімді аналар мен инабатты бойжеткендер, абысын-ажын проблемаларын да нәзік түсінік, терең білгілікпен толғаған. «Бақыт қайда мекендер» дегі Жанзия, «Екі жүз сексен жетідегі Гүлназиядағы» Гүлназия, «Жаңбырлы жаз едідегі» Зияштармен қатар ұлттық құндылықтарымызды қастерлеуге шакырған «Чика-дағы» Тәнзила жеңешем, «Суық қөленкедегі» Қазима кемпір, «Жесірдегі» Үрқияның енесі, «Қияндағы құн нұрындағы» Қатира кемпірлер өмірдің өзінен ойылып алынған жанды бейнелер емес пе? Өз ошақтарының отын өшірмеу жолында жанталаса әрекет етіп жүрген ұлттық мінездер. Осына елдің, жердің үйіткісі болып отырған қамқөніл қариялардың жанды бейнесі оқырман жадынан бірден шыға коймас...

М.Қаназдың «Құм қойнауы» жазушылық сапарының алғашқы белгінде жазылған іргелі дүниелердің бірі. Мұнда малшы қауымның бейнетке толы тыныс тіршілігі кеңінен әңгімеленеді. Құм арасында ғұмыр кешкен екі малшы, құрдас жандардың тірлігін салыстыра отырып ой түйеді. Тоғанас – өз ісіне берілген ел байлығын арттыруды ғана білетін, қоқ-сокпен жұмысы жоқ, біртоға момын жан. Оның тіршілікке, жарық сәулеге ұмтылышы шынайайығымен көнілге ұялайды. Ал Құланбай болса өзіме ғана болсын, өзіме ғана бұйырсын деп өлемермендікпен өмір кешіп келеді. Тірлікке деген осы екі түрлі қозқарасты, екі түрлі ұстанымды жазушы шебер қилюастыра білген. Жоғалған малын іздел, оны Құланбайдың корасынан көріп тұрса да, өлім аузында жатқан құрдасына «мынау менің малым» деп айта алмайды. Ал Құланбай болса, Тоғанастың көнілін сезіп, танып, бәрін біліп жатса да сыр бермей безерген қалпында қалады. Не деген қаттылық? Бүкіл өмірін мал соңында өткізіп келе жатқан Тоғанастардың іздел жүргені жай мал емес, ер қанаты – бәйге аты. Тоғанастың өзі де, сейіскер інісі Сабалақ та Құланбайдың корасынан бәйге атын көріп таниды. Дайын тұрған көлікке тиеп, салып алып жөнеліп кетуге Тоғанастың дәті бармайды. Айықпас кеселге ұшырап, хал үстінде жатқан құрдасын аяп, әрекет ете алмайды. Құрдасының құлқын өзгерте алмасын түсінеді.

...«Міне, мынау тұған жер! Жер кіндігі – осы. Қар көміл тастаған жұрт. Уақыт өтеді. Жыл жылдан озады. Соғын бұл із де жоқ. Жер домалақ болып жаксы жаратылған. Әркімнің өз мекені – жер кіндігі болады. Отанның ошағы, тіршіліктің, сағыныш пен қуаттың, үміттің шаңырағы дермісін. Ып-ыстық, жанға жақын. Тұған жерін де білмейтіндер бар ма екен? Жоқ болар. Ондай тіршіліктің мәні не...» бұл жолдар жазушының «Жер кіндігі» атты повесінің – негізгі кредосы.

Шығарманың өн бойынан тұған жерге деген бір сезім, өзіңе бала күннен таныс ауыл тірлігі, онда өмір сүрген адамдарға деген ыстық ілтиpat бойлай есіп отырады. Атамекенің ансай, сағына жеткен Таңаттың арманы: «Мындаған талантты адамдар бар, содан ондап, бірлеп қана шығады. Кейбіреуі өзін танымайды, кейбіреуін жұрт танымайды...» – міне, осында жастарды тауып тәрбиелеу, ізгілікке, асыл мұраттарға баулу.

Таңат қарапайым теміржолшының баласы Ерғазыны танып, оны сиқырлы да сырлы сұлулық әлеміне тарта бастайды. Өзінің де шәкіртінің де еңбектері еленіп, ел аузына ілінеді. «Тан қараңғысында» атты полотносы бүкілодактық көрмеге қабылданды. Астанадағы ақбас ұстазы ризалық хатын жолдайды.

Повесте Таңатқа қарама-карсы алынған бейне – Өсер. Бұл көнілі де, кейпі де, сана-сезімі де сокыр жан. Дүниеконы Өсердің өмір сүруде өз түсінігі бар. Бар мақсаты екі «бүтін» акша жинап, баласын бригадирлікке не бір қолында билігі бар жұмысқа ұсынбақшы. Ол баласының ішкі жан дүниесіне үніліп қарамайды. Осы көрсөкірлік өзінің түбіне жетеді, жалғыз ұлы Ерғазы поезға түсіп өледі. Сонда да өзін кінәламай, бар айыбын Таңатқа жаплақшы.

Бимырза аксакалдың мына сөзі Өсердің характеристерін аша түседі:

– «Өзінен көр! Көзің көңілің көр неме, мына өзінен көр! Сен әлі мына кескініңмен қара басынды жутасың! Қырсыққа өзің ғана кезікпей, қыршынның ұрынғанын қарашы. Көрінбе көзіме, шық!»

Шығармада бұдан басқа бірсыныра кейіпкерлер де бар. Тілеумұрат, Үрзалы, Бимырзалар өмірдің өзінен алынған шынайайы бейнелер. Өзінің есқи таныстарынды қөргендей әсерде боласын.

М.Қаназ сан түрлі бояулардың ішінен өзіне керектісін дәл тауып алған. Сондықтан да деталь, әр штрих өз орнын тауып тұр. Повесісте не қылы сыр анғартатын сөйлемдер, қызығылтықты да ойлы, ұтымды диалогтар баршылық.

Ал «Аптап» повесінде оқиға желісі бір ғылыми экспедицияның есқи тарихи орын – «Күйікқаланы» зерттеуінен басталады. Экспедицияның құрамы тым шағын, экспедиция жетекшісі, карт ғалым Хасен Әбдіровичтің өзі және оның ғылымға бейімі бар кос шақірті – Бекен мен Есім.

Олар құн қақтаған аптапта есқи қорғанда қазба жұмысын жүргізіп жүре берер ме еді, кенет экспедиция мүшелеріне қатты әсер еткен оқыс мына бір оқиға болмаса: «Гүлжаһан қүйеуге шығыпты». Есімнің өз аузынан естігенде Бекеннің иіні төмен түсіп кетеді. Бұл бұнда ыстық далада есқи жүртті қазып жүргенде ол арамза (Медет) шаруасын бітіріпті. Бекеннің басына келген алғашқы ой осы болды. «Тәңірінің тал бойыма берген қос арыстаны – зұлымдық пен игілік арба-



сып жатыр, – деген ол бір студенттердің айттысында. – менен екеуін де күте беріндер қайсы жеңсе соның жетегінде кетемін...» «Алғашкысының жеңгенді» – деп ойлады Бекен. Кейін Бекендер Медеттің есепші ағасының үйіне шақырылып барғанда да, Гұлжанадардың ескі Күйіккалаға келгенінде де жан жүректері жараланып, іштей арпалысқанмен сыр бермегенсіді. Құлық, сұмдығы мол жылпос Медет Бекеннің сүйіктісі Гұлжананды қапылыста қолға қондырган. Не шара? Бірақ, тағдыр оларды өмірдің тар соқпағында қайта белдестіреді. Бұл жолы да айлалы Медет бұрын қимылдаған... Адамшылық ардан безіп, карт ғалымның зерттеулерін сұрайды. Хасен қарттың артына қалдырган өсiet қағазы оның зымияндық ойына токтау салады. Повестегі сәтті шыққан бейнелерінің бірі – Хасен Әбдірович. Карт ғалымның еңбеккорлығы, қарапайымдылығы, аққөнілділігі, ғылымға адалдығы оның портретін көркейтіп тұр.

«Сонар» повесінде негізінен жастық кешуі, маҳбабат мәселелері сөз болады. Бірін-бірі қанша шын жүректен ұнатқандарымен, сәл нәрседен, кездессоқ оқиғадан-ақ ренжісіден өмірде қаншама тағдырлар қосыла алмай жатыр. Повестегі Арғын мен Гулханыс линиясы да сол бағытта тартылған. Автор бұл шығармасында өмірді қаз-қалпында беруге ұмтылған. Бұнысы сәтсіз де емес, нанымды сурет, әсерлі оқиғалар баршылық. Жазушының өзге әңгімелері де сюжет қысқалығымен, қанық бояуымен, таза тілімен, табиғилығымен ерекше әсер қалдырады.

Шығармаларының қай-қайсысында да женил юмор лебі есіп отырады. Бір қызығы автордың дүниеде көп кездесетін тоғышар дүниеқоңыз, мансапқор пенделерді қаз-қалпында көз алдыңа елестетіп, әжуалауға шеберлігі.

Не көп Молдекенде жілігі татитын жақсы әңгіме, повестер көп. Олардың бәрін саралап, тізіп, талдап жатуға жер тар. Дегенмен, кейбірін қазір атап кетпесек, жазушы шығармашылығына қиянат болар еді. «Кеменің кезекті қайырлауы», «Алматыдан Тараз арқылы Қызылордаға дейін», «Жусан иісті жүрдек поезд», «Бұру жол», «Ғашық едім, қайтейін...», «Тағатсыз күткен бір мезгіл» әңгімелері жауапкершілік жүтін айқын сезіп қолына қалам алған жанның шаруасы. Бұл шығармаларды бей-жай оқи алмайсың. Осы орайда белгілі әдебиет сыншысы, ғалым Бекен Ұбырайымовтың: «...Молдахмет Қаназов шығармаларын селсок оқи алмаймын, қай шығармасын оқысам да жазушының көкейіндегі ойын, көкірегіне тұнған сырын, айтайын деген шынын, жырын тебірене қабылдаймын» деуін әбден түсінуге болады.

Ал жан-жануар, табиғат тіршілігіне арналған шығармалар қай халық әдебиетінде де баршылық. Бұл орайда жазушының «Ескі қыстау», «Саяк»

әңгімелері сыншылардың назарынан тыс келе жатқан философиялық астары бар салмақты дүниелер.

Жазушы шығармашылығының соңғы жылдардағы алтын қазығына айналған – Жанқожа батыр. Батырдың басы саяси дау болғандықтан, бұл тақырыпқа жазушы көп ізденіс, кемел дайындықтан соң кірісті. Көптеген зерттеу мақалаларына кейін ғана хикаят жарық көрді. Хикаятта автор батыр өмірінің кезендерін саралап, оны үнемі күрес, толғаныс үстінде көрсетеді. Батыр сарбаздарының Хиуа хандығы әскерлерімен соғысып, Жанкент камалын алуы, ондағы Бабажан сарт әскерлерін бый-шыт женуімен басталады. Хандық жойылғаннан кейін Сыр бойы қазақтары реңсі турде орыс патшалығына бодан болғанымен, екінші жақтан Хиуа мен Қоқан қатар иемденіп, үсір, зекет алым-салық алып тұратын. Сарбаздарымен қамалға бекініп алған Бабажан жергілікті халыққа ойына не келсе соны істеді. Әсіреле, қырга көшіп кете алмай дария бойын сағалап қалған егінші жатақ қатты күйзелді. Ханның найбы Бабажан сарттың адам төзгісіз озбырлығы жергілікті шаруалардың көтерілісіне әкеліп соктырды. Көтеріліс басында майдан Жанқожа мен қаралесек Ақтан батыр болды. Көтерілісшілер қолға түсken Бабажанды өлтіруге үкім шығарды, қамал бұзылды, сарбаздар еліне күлді. Сөйтіп езілген шаруалардың әнселері көтеріліп қалды, алайда бұл уақытша ғана бой жазу болатын...

Олар 1847 жылғы тамыз айындағы бір ғана шапқыншылықта Жанқожаның ықпалында отырған дихан шаруаның мың үйін талқандады, 21 әйел бала-шаганы алып кетті, 30 баланы суға атты, төрт барлаушыны өлтіріп, Жақай бидін баласын тұтқындалады. Ал бұндағы жортудар дүркін-дүркін қайталанумен болды. Көрші хандардың осыншалық опасыздығы мен барымтасынан әбден ығыр болған батыр 1847 жылы Райымға келіп, бекініс сала бастаған патша әскеріне карсылық қорсеткен жок-тұғын. Сол кездегі Орынбор генерал-губернаторы Обручевпен ауызба-ауыз жолығып, сөз байласқанда, жергілікті халықтың тыныштығы бұзылмайтын әрі орыс әскері Хиуа шапқыншылығынан бірігіп бұларды корғайтын болып келісілген-ді. «Орысқа берілген» Жанқожаға хиуалықтар ғана емес, сол кезде Хиуа қызметінде жүрген Жанғазы мен Ермұхаммед сұлтандар да өшіге түсті. Батыр екі оттың ортасында қалды. Тамыздың 23-і күні Жанқожа патша әскерімен демесіп, қазақ жерін қан сасытып, талан-таражға салып жүрген Қожанияз бастаған қоқандықтарды Куандарияға дейін күшпін салды. Шаруалардың 3000 туясеци, 500 аты, 2000 мүйізді ірі карасы, 50000 қойы иелеріне қайтарылды. «Сырдарияны иемденетін хиуалықтарды казактардың қас дүшпаны деп білетін Жанқожа біздің табиғи, сенімді әрі ілтиппатты, әрі пайдалы одақтасымыз болды. Өзінің қазақтарына бізді хиуалықтардың зорлық-зомбылыштарынан

корғайтын қорғаушы ретінде қарауға үйретіп, бізге баға жетпес қызмет көрсетті» [1.130] – деп жазған болатын И.А.Макшеев Жанқожаның орыс халқына деген катынас мәселесі қөкпарға түспей тұрған тұста. Автор батырдың сөзіне берік, біртоға, сенімді кісі екендігін және орыс армиясынан зор үміт күткендігін ерекше атайды.

Бұқіл егінші жатак аузына қарап, өздеріне қорған тұтып отырған Жанқожа батырдың патшалық Россияның әкімшілігіне деген үміті акталды ма? Ақталған жоқ. Зенбірек сүйретіп мұздай қаруланып келген жатжұрттықтардың да қөкейлері ұзамай белгілі болды.

Раймфа бекініс салынып, қарашекпендер көшіріліп әкелінгеннен кейін жергілікті халықтың мұлдем ма-засы кеткен болатын. Осы жылдары оларды орналастыру үшін Ақирек, Ақбай тәрізді шұрайлы жерде қоныс теуіп егін салып отырған қазактың 3 мың үйін Сырдың арғы жағына зорлап көшірді.

Шаруалардың еріксіз атқа қонуына патша әскерлерінің, оның құрамындағы қазактардың адам төзгісіз озбырлығы тұрткі болды. Қамал салуға жалданып жүрген үш қазакты ауыр жұмысқа наразылық жасағандары үшін тірілей отқа жағып жібереді. Әбден ашынған халық мезгілсіз уақытта атқа конды. Женіске деген үміт мұлде жокқа тән болатын. Қөтерілісшілер Қазалы бекінісі талқандалса, бәрі қалыпқа келетіндей көрінді. Жанқожаның орыс армиясына сенген үміті ақталмады. Бұлар да хиуалықтардан кем түспейтін қанаушы ғана емес, халық намысын аяқасты ететін озбыр басқыншы болып шықты.

Осы айтылған жәйлардың бәрі хикаятта толық көрініс тапқан. Жазушы өзіне тән шеберлікпен өткен заман көріністері бұлжытпай бұлтартпастан көз алдыңызға әкеледі.

Халықтың буырқанғандығы соншалық, қөтеріліске тіпті қыстын көзі қырауда, ак қар, көк мұзда жаяу шыққан. Атам қазақ қай кезде жауына жаяу аттанып еді? Бұл қарапайым халықтың әбден шектен шыға ашынғандығының даусыз айғагы емес пе? Төрт-бес мың шаруаның сан жағынан басым болғанымен бір зенбірек, екі ракеталық станок, 54 штуцермен мұздай қаруланған, құрамында 300 аттылы казак, 320 жаяу, оның үстіне башқұрттар мен Елікей Қасымов бастаған 400-450-дей жауынгерлері бар патша әскеріне төтеп бере алмайтыны өзінен-өзі түсінікті. Қөтеріліс күшпен басылып, оған қатысқандар ғана емес, сол мандағы кедейлер аяусыз жазаланды, мал-мұліктері талан-таражға тұсті. Үйлер өртенді. Қөтерілісші елдің 21 мың 400 ірі қарасы тартып алынды. Полковник қанішер Кузминскийдің шектен шыққан жауыздығы бұдан бұрын 1855 жылы Есет Қетібаров қөтерілісін басқан кезінен белгілі болатын. Ол туралы Лондонда шығып тұрған прогресшіл журнал «Колоколда» А.И.Герцен жазған еді...

М.Қаназ хикаятында көтерілісті басуға қатысқан қазактың сатқын феодалдарының бейнесі де сәтті ашылған. Патша үкіметінің сеніміне кірмекке жаңын салып жүрген Елікей Қасымов сұлтан, Хиуа ықпалындағы Жанғазы хан, орыс әскерлерінің Жанқожа жасағы арасындағы жансызы Дүрімбет, зауряд-харунжий шеніндегі Сейіл Байқадамов пен оның есер інісі Ақсакал бейнелері каз-қалпында есте қалады.

М.Қаназ үнемі ізденіс үстіндегі жазушы. Әлем әдебиетінің озық үлгілері оған жат емес. Қаламының бірде төгіле, бірде әрі қыска да нұсқа жорғалауы соның айғагы. «Мөлтек әнгімелер» көлемді топтамасындағы қыска қайырылған, тап-түйнектай орындалған, архитектоникалық өлшемдері өзгеше өмір шындықтары, тірлік сөүлелері соны байқатады. Қалай дегенде де Молдахмет Қаназ – қаймағы бұзылмаған қайнаған қазак өмірдің қақ ортасынан қазак сөз өнеріне өзіндік қолтанбасымен, өзіндік сокпағыменен келген қаламгер. Сондықтан оны ешкіммен шатыстыра алмайсын, рухани-көркемдік дүниелеріміздің арасынан оның қоныр да куақы үні дәйім меммұндалап тұрады.

...Қазак әдебиетінде кешегі Сталинград шайқасының дүрілдеп тұрған мезгілінде шыр етіп дүниеге келген, дүниенің талай өткелектерінен абы-ройлы етіп, бұл күндері қасиетті қазақ сөз өнерінің абыроны асқақтаған мәуелі бәйтеректеріне айналған бір шоғыр топ бар. Бұлардың қай-қайсысы да бір елдің бетке ұстар жазушысы атануға әбден лайық. Сол шоғырдың ішінде ешкімге ұқсамайтын бітімі, ой тегеуріні өзгеше қалам иесі Молдахмет Қаназ ағамыз да бар. Олар бұл күндері жетпіс деген жастың жотасына біртіндеп шығып жатыр. Шыққан биігін құтты болсын Молдеке! Өмірде де, өнерде де биіктен-бійкке өрлей бер.

**Алпысбай МҰСАЕВ,**  
*филология гылымының докторы,  
профессор*

